

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 21 сәуірдегі N 378 Жарлығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 24 тамыздағы N 1425 Жарлығы " А к т і л е р ж и н а ғ ы н д а " жариялануға тиіс

Қаулы етемін:

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 21 сәуірдегі N 378 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2000 ж., N 20, 218-құжат; 2002 ж., N 6, 40-құжат; 2003 ж., N 33, 323-құжат; 2004 ж., N 12, 150-құжат) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы туралы Ережеде:

9-тармақ мынадай мазмұндағы он екінші абзацпен толықтырылсын:

"Президенттің Іс басқармасының негізгі қызметін орындаумен байланысты халықаралық ұйымдармен және шетелдік заңды тұлғалармен келісімдер мен шарттар жасасу;"

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Президенттің Іс басқармасына Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқарушысы басшылық етеді, оны Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды, қызметтен босатады және ол оның тікелей басшылығымен жұмыс і с т е й д і .

Президенттің Іс басқарушысының орынбасарлары болады, оларды Мемлекет басшысы Президенттің Іс басқарушысының ұсынысы бойынша қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Президенттің Іс басқарушысы болмаған кезде оның міндеттерін Президенттің Іс басқарушысы белгілейтін орынбасарларының бірі атқарады.";

13-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) Мемлекет басшысына Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы туралы Ережені бекітуге ұсынады, Президенттің Іс басқармасының құрылымы және штат саны бойынша ұсыныстар енгізеді;"

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) бұйрықтар шығарады, нұсқаулықтар мен ережелерді бекітеді, Президенттің Іс басқармасы әзірлейтін нормативтік құқықтық актілер жобаларына қолбелгі қояды;"

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) тиісті мемлекеттік органдар келісуге енгізетін нормативтік құқықтық актілердің жобаларына өз өкілеттіктеріне сәйкес қолбелгі қояды;"

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) Президенттің Іс басқармасы мен оның ведомстволарының штат кестесін бекітеді , оған бекітілген штат саны шегінде өзгерістер енгізеді;"

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК